

"Қазақстан Республикасының аумағына жекелеген тауарлар түрлерін экспорттауға және (немесе) импорттауға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсету бойынша пилоттық жобаны іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2026 жылғы 17 шілдедегі № 223-НҚ, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 31 шілдедегі № 384, Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің м.а. 2026 жылғы 17 шілдедегі № 422/НҚ, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2026 жылғы 17 шілдедегі № 487, Қазақстан Республикасы Көлік министрінің м.а. 2026 жылғы 24 шілдедегі № 192/1 және Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрінің 2026 жылғы 22 шілдедегі № 136 бірлескен бұйрығы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 8-тармақтан қараңыз.

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабына және Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 29-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Қазақстан Республикасының аумағына жекелеген тауарлар түрлерін экспорттауға және (немесе) импорттауға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсету бойынша пилоттық жоба іске қосылсын.

2. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Тауарлардың жекелеген түрлерін Қазақстан Республикасының аумағынан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына (бұдан әрі – ТМД) қатысушы мемлекеттердің аумағына әкетуге рұқсаттар беру қағидалары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Құмар ойындарын өткізуді ұйымдастыру үшін тауарлардың жекелеген түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге рұқсат беру қағидалары бекітілсін.

3. "Тауарлардың жекелеген түрлерін әкетуді реттеудің кейбір мәселелері туралы" пилоттық жобаны іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2025 жылғы 17 қарашадағы № 325-НҚ, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 20 қарашадағы № 494, Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 2025 жылғы 20 қарашадағы № 586/НҚ, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушы 2025 жылғы 20 қарашадағы № 717 және Қазақстан Республикасы Көлік министрінің 2025 жылғы 20 қарашадағы № 391 бірлескен бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

4. "Тауарлардың жекелеген түрлерін әкетуді реттеудің кейбір мәселелері туралы" пилоттық жобаны іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2025 жылғы 17 қарашадағы № 325-НҚ, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 20 қарашадағы № 494, Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 2025 жылғы 20 қарашадағы № 586/НҚ, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушы 2025 жылғы 20 қарашадағы № 717 және Қазақстан Республикасы Көлік министрінің 2025 жылғы 20 қарашадағы № 391 бірлескен бұйрығының негізінде берілген тауарларды әкету рұқсаттары олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін, бірақ 2026 жылғы 31 желтоқсаннан аспайтын мерзіміне дейін қолданылады деп белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті құзыреті шеңберінде осы бірлескен бұйрықтың тармақтарының орындалуын бақылауды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сыртқы сауда қызметі департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа мемлекеттік органдар басшыларының соңғысы қол қойған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне осы бұйрықтың қабылданғаны туралы хабарлама жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықты алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

7. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау, сондай-ақ пилоттық жобаны жүргізудің ай сайынғы мониторингі жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының сауда және интеграция, өнеркәсіп және құрылыс, жасанды интеллект және цифрлық даму, қаржы, көлік, туризм және спорт вице-министрлеріне жүктелсін.

8. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және бір жыл бойы қолданыста болады.

Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрі

_____ А. Шаққалиев

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрі
Қазақстан Республикасының

_____ Е. Нағаспаев

Жасанды интеллект және цифрлық даму
министрінің міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Қазақстан Республикасының
Көлік министрінің міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт министрі

_____ М. Олжабеков

_____ М. Такиев

_____ М. Қалиакпаров

_____ Е. Мырзabосынов

Бірлескен бұйрыққа
1-қосымша

Тауарлардың жекелеген түрлерін Қазақстан Республикасының аумағынан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумағына әкетуге рұқсаттар беру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тауарлардың жекелеген түрлерін Қазақстан Республикасының аумағынан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына (бұдан әрі – ТМД) қатысушы мемлекеттердің аумағына әкетуге рұқсаттар беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 2-тармағына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленген және тауарлардың жекелеген түрлерін әкетуге рұқсат беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) кеден ісі саласындағы уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде кеден ісі саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) көлік саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану, азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

3) көрсетілетін қызметті беруші – жекелеген тауар түрлерінің экспортына (әкетуге) қатысты бөлігінде "Қазақстан Республикасының аумағына жекелеген тауарлар түрлерін экспорттауға және (немесе) импорттауға рұқсат беру" мемлекеттік қызметті көрсететін, өнеркәсіп саласындағы уәкілетті орган, цифрландыру саласындағы уәкілетті орган, көлік саласындағы уәкілетті орган;

4) өнеркәсіп саласындағы уәкілетті орган – өнеркәсіп саласындағы басшылықты, сондай-ақ өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыруды іске асыруға қатысуды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

5) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган – сауда саясатын қалыптастыратын және сауда қызметі саласында басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

6) сыртқы сауда қызметіне қатысушылар – сыртқы сауда қызметін жүзеге асыратын , оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке кәсіпкерлер ретінде тіркелген жеке тұлғалар және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлғалар болып табылмайтын ұйымдар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы);

7) тауарлар – бұған дейін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген және Қазақстан Республикасының аумағынан ТМД-ға қатысушы мемлекеттерге әкетілетін, осы Қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес оларға қатысты рұқсат беру тәртібі енгізілетін тауарлар;

8) цифрландыру саласындағы уәкілетті орган- аэроғарыш және электрондық өнеркәсіп, цифрлық активтер, байланыс саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

9) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесі" болып табылатын цифрлық объект.

3. "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы " Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу " қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) белгіленген тәртіппен қамтамасыз етеді.

4. Осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші ол қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына және "цифрлық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына жібереді.

5. Қазақстан Республикасының аумағынан ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің аумағына осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өнеркәсіптік тауарлардың жекелеген түрлерін және 2-қосымшаға сәйкес телекоммуникациялық, компьютерлік жабдықтың, оның бөлшектері мен материалдарының жекелеген түрлерін, 3-қосымшаға сәйкес авиациялық өнеркәсіп тауарларының жекелеген түрлерін әкету осы Қағидалардың 7-10 -тармақтарына сәйкес берілген рұқсаттар болған кезде жүзеге асырылады (бұдан әрі – рұқсат беру тәртібі).

6. Рұқсат беру тәртібі Қазақстан Республикасының аумағынан әкетілетін тауарларға

:

1) және тауардың шығу тегі туралы сертификаттың (СТ-KZ, СТ-1) түпнұсқасы немесе қазақстандық өндірушілер тізілімінен үзінді-көшірме болған кезде Қазақстан Республикасының аумағынан шығатын;

2) СТ-1 нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификат және әкелуді жүзеге асыруға негіз болған құжаттар болған кезде ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің аумағынан шығарылған және бұрын Қазақстан Республикасына әкелінген;

3) Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 425 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32759 болып тіркелген) бекітілген Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру қағидаларымен көзделген Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың бақылау тізіміне сәйкес Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі берген лицензия болған кездегі;

4) жеке тұлғалардың алып жүретін багажындағы жеке пайдалануға арналған тауарларға;

5) Қазақстан Республикасында өндірілген жабдықтар мен техниканы техникалық қызмет көрсету, жөндеу, кепілдік міндеттемелерді орындау және (немесе) олардың қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында ғана, өнеркәсіп саласындағы уәкілетті органның – Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің растауы болған кезде, түпнұсқа қосалқы бөлшектерді, тораптар мен құрамдастарды Қазақстан Республикасының аумағынан әкету;

6) 2022 жылғы 19 сәуірде Мәскеуде жасалған тасымалдарды қадағалау үшін Еуразиялық экономикалық одақта тасымалдауды қадағалау үшін навигациялық пломбаларды қолдану туралы келісімге сәйкес навигациялық пломбаларды пайдалана отырып, қадағалау объектілерінің тасымалдарын қадағалауды қамтамасыз ететін ұлттық оператор әкететін навигациялық пломбаларға қолданылмайды.

7. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға енгізілген тауарлардың жекелеген түрлерін әкетудің рұқсат беру тәртібін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі әкетуге рұқсат беру арқылы іске асырады.

8. Осы Қағидаларға 2-қосымшаға енгізілген тауарлардың жекелеген түрлерін әкетудің рұқсат беру тәртібін Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі әкетуге рұқсат беру арқылы іске асырады.

9. Осы Қағидаларға 3-қосымшаға енгізілген тауарлардың жекелеген түрлерін әкетудің рұқсат беру тәртібін Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі әкетуге рұқсат беру арқылы іске асырады.

2-тарау. Тауарлардың жекелеген түрлерін Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсат беру тәртібі

10. Осы Қағидаларға 1-3-қосымшаларда көрсетілген тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан ТМД-ға қатысушы мемлекеттерге әкету көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыларға беретін рұқсаттар негізінде жүзеге асырылады.

11. Қазақстан Республикасының аумағынан ТМД-ға қатысушы мемлекеттерге тауарларды әкетуге рұқсат алу үшін:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген тауарлар бойынша көрсетілетін қызметті алушылар өнеркәсіп саласындағы уәкілетті органға осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Өтінішті (бұдан әрі – Өтініш) және осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген тізбенің 8-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерді ұсынады;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген тауарлар бойынша көрсетілетін қызметті алушылар цифрландыру саласындағы уәкілетті органға Өтінішті, сондай-ақ осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген тізбенің 8-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерді ұсынады;

3) осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген тауарлар бойынша көрсетілетін қызметті алушылар көлік саласындағы уәкілетті органға Өтінішті, сондай-ақ осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген тізбенің 8-тармағының 1), 2), 3), 4), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерді ұсынады.

12. Осы Қағидалардың 2-тармағының 2), 4), 8)-тармақшаларында көрсетілген көрсетілетін қызметті беруші рұқсатты осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша электрондық түрде ресімдейді және оны өтініш берушіге жолдайды, ол өтініш берушінің жеке кабинетінде және кеден ісі саласындағы уәкілетті органның "КЕДЕН" цифрлық жүйесінде көрсетіледі.

13. Тауарларды әкетуге рұқсат беру "цифрлық үкіметтің" веб-порталы арқылы 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

14. Рұқсат беруге өтініш түскен жағдайда көрсетілетін қызметті беруші:

1) өтініш түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтініш берушінің өтінішін тіркейді және оны көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесіне жібереді;

2) 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтініш беруші ұсынған құжаттардың толықтығы мен белгіленген талаптарға сәйкестігін қарайды және талдайды;

3) 2 (екі) жұмыс күні ішінде рұқсат (немесе рұқсат беруден дәлелді бас тарту) жобасын әзірлейді, келіседі және көрсетілетін қызметті беруші басшысының қолы қойылады.

Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі (рұқсат не дәлелді бас тарту) өтініш берушіге "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы жолданады.

15. Рұқсаттың қолданылу мерзімі рұқсат берілген күнтізбелік жылмен шектеледі, бірақ осы бірлескен бұйрықтың қолданыс мерзімінен аспауға тиіс.

16. Тауарларды әкету рұқсатта көрсетілген өткізу пункттері арқылы ғана жүзеге асырылады.

17. Рұқсат беруден бас тарту туралы шешім көрсетілетін қызмет берушімен мынадай жағдайларда осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рәсімделеді:

1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарда және (немесе) олардың құрамындағы деректерде (мәліметтерде) шындыққа сай келмейтін ақпараттың анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін, шектеулі қолжетімділіктегі жеке деректерге қол жеткізуге Қазақстан Республикасының "Жеке деректер және оларды қорғау туралы" Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының келісімінің болмауы;

4) осы Қағидаларда көзделген талаптардың сақталмауы;

5) рұқсат беру үшін негіз болатын бір немесе бірнеше құжаттың қолданылуын тоқтату немесе тоқтата тұру;

6) тауарлардың шығу тегі туралы преференциялық немесе преференциялық емес сертификаттың болмауы немесе авиациялық техниканы техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі сертификатының болмауы, немесе шыққан елі Ұлыбритания, АҚШ, Еуропалық Одақ болуы;

7) эксплуатант сертификатының немесе авиациялық техниканы техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі сертификатының болмауы (осы Қағидалардың 3-қосымшасында көрсетілген тауарларға қатысты).

18. Берілген рұқсаттарға, оның ішінде техникалық сипаттағы өзгерістерді енгізуге жол берілмейді.

19. Егер заңды тұлға ретінде тіркелген өтініш берушінің құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізілген жағдайда (ұйымдық-құқықтық нысанының, атауының, заңды мекенжайының, заңды тұлғаның орналасқан жерінің мекенжайының өзгеруі) немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға болып табылатын өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжатта (сериясы, нөмірі, қашан және кім берді) мәліметтер өзгертілген жағдайда, өтініш беруші берілген рұқсаттың қолданылуын тоқтату туралы және көрсетілген өзгерістерді растайтын өтініш пен құжаттарды, сондай-ақ кеден ісі саласындағы уәкілетті орган берген рұқсаттың орындалуы туралы мәліметтерді қоса бере отырып, жаңа рұқсатты ресімдеу туралы өтінішпен бес жұмыс күні ішінде жүгінуге міндетті.

20. Рұқсаттың қолданылуын тоқтату туралы шешім рұқсатты берген көрсетілетін қызметті берушімен осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бес жұмыс күні ішінде мынадай жағдайларда рәсімделеді:

1) көрсетілетін қызметті берушіге қағаз жеткізгіште немесе электрондық құжат нысанында ұсынылған көрсетілетін қызметті алушының өтініші бойынша;

2) заңды тұлға ретінде тіркелген көрсетілетін қызметті алушының құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізілген жағдайда (ұйымдық-құқықтық нысанының, атауының, заңды мекенжайының, заңды тұлғаның орналасқан жерінің мекенжайының өзгеруі) немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға болып табылатын өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжатта (сериясы, нөмірі, қашан және кім берді) мәліметтер өзгертілген жағдайда;

3) құжаттарда анық емес мәліметтердің анықталуы;

4) рұқсат беруге негіз болатын бір немесе бірнеше құжаттың қолданысының тоқтатылуы;

5) рұқсатты беру кезінде белгіленген тәртіп сақталған жағдайда берілмеуге тиіс рұқсаттың берілуіне әкеп соққан, жол берілген бұзушылықтардың анықталуы;

6) рұқсаттың қолданысын тоқтату туралы сот шешімінің болуы.

21. Рұқсаттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда "Е-лицензиялау" Цифрлық жүйесі "Е-лицензиялау" Цифрлық жүйесінің және "КЕДЕН" Цифрлық жүйесінің сыртқы порталына рұқсатты тоқтатудың қол қойылған үлгісін жібереді және оны көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетінде көрсетеді, сондай-ақ рұқсаттың мәртебесі "тоқтатылды" болып өзгереді.

22. Тауарларды әкетуге рұқсат алған көрсетілетін қызметті алушылар рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен кейін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде рұқсатты берген көрсетілетін қызметті берушіге тауарларды әкетуге арналған рұқсаттың орындалуы туралы ақпарат беруге міндетті.

3-тарау. Мемлекеттік және әлеуметтік жауапты қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

23. Мемлекеттік және әлеуметтік жауапты қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік органға, лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам шағым түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапты қызметтер туралы" Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

24. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа шағым жасауға жол беріледі.

Тауарлардың жекелеген
түрлерін Қазақстан
Республикасының аумағынан Тәуелсіз
Мемлекеттер Достастығына қатысушы
мемлекеттердің аумағына әкетуге
рұқсаттар беру қағидаларына
1-қосымша

Өнеркәсіптік тауарлардың жекелеген түрлері

Р/с №	ЕАЭО СЭҚ ТН коды*	Тауардың атауы
1.	7308 90 510 0	— — — окшаулағыш толтырғышы бар гофрленген (қырлы) парақтан жасалған екі қабырғадан тұратын панельдер
2.	7308 90 590 0	— — — өзгелері
3.	7308 90 980 1	— — — суағарлар, шлюздер, шлюз қақпалары, дебаркадерлер, стационарлық доктар мен теңіз және құрлық құрылыстарына арналған басқа да құрылымдар
4.	7308 90 980 9	— — — өзгелері
5.	8409 91 000 1	— — — 8701 – 8705 тауар позицияларындағы моторлы көлік құралдарын, олардың тораптары

		мен агрегаттарын өнеркәсіптік құрастыруға арналған қозғалтқыштар үшін
6.	8409 91 000 2	— — — — табиғи газды мотор отыны ретінде пайдаланатын көлік құралдарына орнатуға арналған қозғалтқыш цилиндрлеріне отын беруге арналған газ форсункалары
7.	8409 91 000 8	— — — — өзгелері
8.	8412 21 200 1	— — — — жүк көтергіштігі 18 – 20 т автосамосвалдарды құрастыруға арналған телескопиялық гидроцилиндрлер
9.	8412 21 200 9	— — — — өзгелері
10.	8412 21 800 6	— — — — — 8701 – 8705 тауар позицияларындағы моторлы көлік құралдарын, олардың тораптары мен агрегаттарын өнеркәсіптік құрастыруға арналған
11.	8412 21 800 8	— — — — — өзгелері
12.	8413 50 200 0	— — гидравликалық агрегаттар
13.	8413 50 400 0	— — мөлшерлеуіш сорғылар
14.	8413 50 610 0	— — — — гидравликалық күштік
15.	8413 50 690 0	— — — — өзгелері
16.	8413 50 800 0	— — — өзгелері
17.	8419 50 000 0	— жылу алмастырғыштар
18.	8419 89 100 0	— — — айналымдағы судың көмегімен тікелей салқындатуға арналған (бөлу қабырғасыз) градирнялар және ұқсас қондырғылар
19.	8419 89 300 0	— — — бу фазасынан металды вакуумдық тұндыруға арналған қондырғылар
20.	8419 89 981 0	— — — — медициналық өнеркәсіпке арналған жабдық
21.	8419 89 989 0	— — — — өзгелері
22.	8419 90 150 0	— — 8419 20 000 0 кіші позициясындағы стерилизаторлардың бөліктері
23.	8419 90 850 1	— — — медициналық өнеркәсіпке арналған жабдықтың бөліктері
24.	8419 90 850 9	— — — өзгелері
25.	8421 23 000 0	— — майды немесе жанармайды іштен жану қозғалтқыштарында сүзу үшін
26.	8421 29 000 1	— — — медицина өнеркәсібіне арналған

27.	8421 29 000 3	— — — — мұнайды тазартуға арналған сепараторлар
28.	8421 29 000 9	— — — — өзгелері
29.	8421 39 200 1	— — — — иіру өндірісінің қалдықтарын жинай отырып
30.	8421 39 200 8	— — — — өзгелері
31.	8421 39 610 0	— — — — каталитикалық процесс арқылы
32.	8421 39 800 2	— — — — — мұнай газдарын тазартуға арналған сепараторлар, мұнай газдарын, сол сияқты мұнайды тазартуға арналған сепараторлар
33.	8421 39 800 6	— — — — — өзгелері
34.	8421 99 000 3	— — — медициналық өнеркәсіпке арналған сұйықтықтарды немесе газды сүзуге немесе тазартуға арналған жабдықтар мен құрылғылар
35.	8421 99 000 4	— — — 8701 – 8705 тауар позицияларының моторлы көлік құралдарын, олардың тораптары мен агрегаттарын өнеркәсіптік құрастыруға арналған сұйықтықтарды немесе газды сүзуге немесе тазартуға арналған жабдықтар мен құрылғылар
36.	8421 99 000 5	— — — — сұйықтықтарды сүзуге немесе тазартуға арналған орамалы типтегі мембраналық элементтер (Еуразиялық экономикалық одақтың осы топқа арналған 6-қосымша ескертпесінде көрсетілген)
37.	8421 99 000 6	— — — — өзгелері
38.	8424 30 010 0	— — — қыздырғыш құрылғысымен
39.	8424 30 080 0	— — — өзгелері
40.	8424 30 100 0	— — — сығылған ауамен жұмыс істейтін
41.	8424 30 900 0	— — — өзгелері
42.	8428 33 000 0	— — таспалы өзге
43.	8428 39 200 0	— — — роликті конвейерлер
44.	8428 39 900 1	— — — — 8701 – 8705 тауар позицияларындағы моторлы көлік құралдарын өндіруде пайдалануға арналған
45.	8428 39 900 9	— — — — өзгелері

46.	8428 90 710 0	— — — ауыл шаруашылығы тракторларына ілініп орнатуға арналған
47.	8428 90 780 0	— — — өзгелері
48.	8428 90 800 0	— — өзгелері
49.	8457 10 100 1	— — — қуаты 300 кВт-тан жоғары дизельдердің иінді біліктерін құйын-фрезерлік өңдеуге арналған станоктар
50.	8457 10 100 8	— — — өзгелері
51.	8457 10 900 1	— — — қуаты 300 кВт-тан жоғары дизельдердің иінді біліктерін құйын-фрезерлік өңдеуге арналған станоктар
52.	8457 10 900 8	— — — өзгелері
53.	8458 11 200 0	— — — көп мақсатты токарлық станоктар
54.	8458 11 410 9	— — — — өзгелері
55.	8458 11 490 0	— — — — көпшпиндельді
56.	8458 11 800 0	— — — өзгелері
57.	8458 91 200 9	— — — — өзгелері
58.	8458 91 800 9	— — — — өзгелері
59.	8459 61 100 0	— — — аспаптық фрезерлік станоктар
60.	8459 61 900 1	— — — — позициялау дәлдігі 0,01 мм-ден төмен емес және жұмыс аймағы:
61.	8459 61 900 9	— — — — өзгелері
62.	8466 93 300 0	— — — 8456 50 000 0 қосалқы позициясының машиналарына
63.	8466 93 700 0	— — — өзгелері
64.	8477 20 000 0	— экструдерлер
65.	8477 80 120 0	— — — реакцияға қабілетті шайырларды өңдеуге арналған машиналар
66.	8477 80 180 0	— — — өзгелері
67.	8477 80 910 0	— — — ұсақтауға арналған жабдық
68.	8477 80 930 0	— — — араластырғыштар, илеу машиналары және миксерлер
69.	8477 80 950 0	— — — кесуге, жаруға немесе қырнап тазалауға арналған машиналар
70.	8477 80 980 0	— — — өзгелері
71.	8479 10 000 0	— қоғамдық жұмыстарға, құрылысқа немесе басқа да осыған

		ұқсас жұмыстарға арналған жабдықтар
72.	8479 82 000 0	— — қосуға, араластыруға, уатуға, ұнтақтауға, елеуге, електен өткізуге, ұсатуға, эмульгирлеуге немесе араластыруға арналған
73.	8479 89 300 0	— — — гидравликалық жетегі бар ауыспалы шахта крeпi
74.	8479 89 600 1	— — — — 8439 тауар позициясының жабдықтары үшін
75.	8479 89 600 9	— — — — өзгелері
76.	8479 89 970 7	— — — — өзгелері
77.	8481 80 110 0	— — — араластырғыш арматура
78.	8481 80 190 0	— — — өзгелері
79.	8481 80 310 0	— — — термостатикалық арматура
80.	8481 80 390 0	— — — өзгелері
81.	8481 80 400 0	— — пневматикалық шиналар мен камераларға арналған арматура
82.	8481 80 510 0	— — — — температураны реттегіштер
83.	8481 80 591 0	— — — — — қысымды реттегіштер
84.	8481 80 599 0	— — — — — өзгелері
85.	8481 80 610 0	— — — — — шойыннан құйылған
86.	8481 80 631 0	— — — — — айналадағы ауаның температурасы – 40oC және одан төмен, қысымы 16 Па және одан жоғары, күкіртті сутегі (H2S) бар ортада жұмыс істеуге арналған
87.	8481 80 632 0	— — — — — айналадағы ауаның температурасы – – 55oC және одан төмен, қысымы 80 Па және одан жоғары болған кезде жұмыс істеуге арналған
88.	8481 80 639 0	— — — — — өзгелері
89.	8481 80 690 0	— — — — — өзгелері
90.	8481 80 710 0	— — — — — шойыннан құйылған
91.	8481 80 731 0	— — — — — айналадағы ауаның температурасы – 40oC және одан төмен, қысымы 16 Па және одан жоғары, күкіртті сутегі (H2S) бар ортада жұмыс істеуге арналған

92.	8481 80 732 0	— — — — — айналадағы ауаның температурасы – – 55оС және одан төмен, қысымы 80 Па және одан жоғары болған кезде жұмыс істеуге арналған
93.	8481 80 739 1	— — — — — 8701 – 8705 - тауарлық позициялардағы моторлы көлік құралдарын, олардың тораптары мен агрегаттарын өнеркәсіптік құрастыруға арналған
94.	8481 80 739 9	— — — — — өзгелері
95.	8481 80 790 0	— — — — — өзгелері
96.	8481 80 811 0	— — — — — айналадағы ауаның температурасы – 40оС және одан төмен, қысымы 16 Па және одан жоғары, күкіртті сутегі (H ₂ S) бар ортада жұмыс істеуге арналған
97.	8481 80 812 0	— — — — — айналадағы ауаның температурасы – – 55оС және одан төмен, қысымы 80 Па және одан жоғары болған кезде жұмыс істеуге арналған
98.	8481 80 819 9	— — — — — өзгелері
99.	8481 80 850 1	— — — — — айналадағы ауаның температурасы – 40оС және одан төмен, қысымы 16 Па және одан жоғары, күкіртті сутегі (H ₂ S) бар ортада жұмыс істеуге арналған
100.	8481 80 850 2	— — — — — айналадағы ауаның температурасы – – 55оС және одан төмен, қысымы 80 Па және одан жоғары болған кезде жұмыс істеуге арналған
101.	8481 80 850 8	— — — — — өзгелері
102.	8481 80 870 0	— — — — мембраналы арматура
103.	8481 80 990 3	— — — — — мотор отыны ретінде табиғи газды пайдаланатын көлік құралдарына орнатуға арналған
104.	8481 80 990 7	— — — — — өзгелері
105.	8482 10 100 1	— — — 8701 – 8705 тауар позицияларындағы моторлы көлік құралдарын, олардың тораптары мен агрегаттарын өнеркәсіптік құрастыруға арналған
106.	8482 10 900 2	— — — — 8701 – 8705 тауар позицияларындағы моторлы көлік

		құралдарын, олардың тораптары мен агрегаттарын өнеркәсіптік құрастыруға арналған
107.	8482 20 000 1	— — 8701 – 8705 тауар позицияларындағы моторлы көлік құралдарын, олардың тораптары мен агрегаттарын өнеркәсіптік құрастыруға арналған
108.	8482 50 000 1	— — 8701 – 8705 тауар позицияларындағы моторлы көлік құралдарын, олардың тораптары мен агрегаттарын өнеркәсіптік құрастыруға арналған
109.	8502 20 200 0	— — номиналды шығу қуаты 7,5 КВа-дан аспайтын
110.	8502 20 400 0	— — номиналды шығу қуаты 7,5 КВа-дан жоғары, бірақ 375 КВа-дан аспайтын
111.	8502 20 600 0	— — номиналды шығу қуаты 375 КВа-дан жоғары, бірақ 750 КВа-дан аспайтын
112.	8502 20 800 0	— — номиналды шығу қуаты 750 КВа-дан жоғары
113.	8504 40 300 8	— — — — өзгелері
114.	8504 40 550 0	— — — аккумуляторларды зарядтауға арналған құрылғылар
115.	8504 40 830 0	— — — — тіктегіштер
116.	8504 40 910 0	— — — — өзгелері
117.	8507 10 200 2	— — — салмағы 5 кг-нан асатын, 8701 – 8705 тауар позицияларындағы моторлы көлік құралдарын, олардың тораптары мен агрегаттарын өнеркәсіптік құрастыруға арналған
118.	8507 10 200 3	— — — — салмағы 5 кг-нан асатын
119.	8507 10 200 9	— — — — өзгелері
120.	8507 10 800 9	— — — өзгелері
121.	8529 90 101 1	— — — — 8701-8705 тауар позицияларының моторлы көлік құралдарын, олардың тораптары мен агрегаттарын өнеркәсіптік құрастыруға арналған 8524 11 001 1, 8524 12 001 1, 8524 19 001 1, 8524 91 001 1, 8524 92 001 1, 8524 99 001 1 кіші қосалқы позицияларының модульдері үшін
		— — — — 8701-8705 тауар позицияларының моторлы көлік құралдарын, олардың тораптары

122.	8529 90 101 2	мен агрегаттарын өнеркәсіптік құрастыруға арналған 8524 11 001 2, 8524 12 001 2, 8524 19 001 2, 8524 91 001 2, 8524 92 001 2, 8524 99 001 2 кіші қосалқы позицияларының модульдері үшін
123.	8529 90 101 5	— — — — 8701-8705 тауар позицияларының моторлы көлік құралдарын, олардың тораптары мен агрегаттарын өнеркәсіптік құрастыруға арналған 8524 11 001 5, 8524 12 001 5, 8524 19 001 5, 8524 91 001 5, 8524 92 001 5, 8524 99 001 5 кіші қосалқы позицияларының модульдері үшін
124.	8532 21 000 0	Басқа да тұрақты сыйымдылықтағы конденсаторлар : тантал
125.	8536 69 900 8	— — — — өзгелері
126.	8536 90 010 0	— — электр тізбектеріне арналып алдын ала құрастырылған элементтер
127.	8536 90 100 0	— — сымдар мен кәбілдерге арналған жалғағыштар мен түйіспелі элементтер
128.	8536 90 200 0	— — жартылай өткізгіш пластиналарды тексеруге арналған зондтар
129.	8536 90 850 0	— — өзгелері
130.	8537 10 100 0	— — кіріктірілген есептеу машинасы бар цифрлық басқару панельдері
131.	8537 10 910 0	— — — жады бар бағдарламаланатын контроллерлер
132.	8537 10 980 0	— — — өзгелері
133.	8538 90 120 0	— — — электрондық модульдер
134.	8538 90 180 0	— — — өзгелері
135.	8538 90 920 0	— — — электрондық модульдер
136.	8538 90 990 1	— — — — 8535 30 900 қосалқы позициясының өнімдеріне арналған алюминий қорытпасынан жасалған, бірақ тиісті жабдықпен жабдықталмаған , монтаждау ернемектері бар корпустар
137.	8538 90 990 8	— — — — өзгелері
138.	8701 21 101 1	— — — — — экологиялық класты 4 немесе одан жоғары
139.	8701 21 101 9	— — — — — өзгелері

140.	8701 21 109 0	----- өзгелері
141.	8701 21 901 1	----- шығарылғаннан бері 7 жылдан артық уақыт өтті
142.	8701 21 901 2	----- шығарылғаннан бері 5 жылдан артық уақыт өтті, бірақ 7 жылдан аспады
143.	8701 21 901 9	----- өзгелері
144.	8701 21 909 0	----- өзгелері
145.	8708 99 100 0	--- өнеркәсіптік құрастыруға арналған: 8701 10 қосалқы позициясында көрсетілген бір осьті тракторларды; 8703 тауар позициясының көлік құралдарын; 8704 тауар позициясының көлік құралдарын қысудан тұтанатын поршенді іштен жану қозғалтқышымен (дизель немесе жартылай дизельмен) және қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс көлемімен 2500 см3 аспайтын немесе ұшқынмен тұтанатын іштен жану қозғалтқышымен және цилиндрлердің жұмыс көлемі 2800 см3-тен аспайтын; 87055 тауар позициясының көлік құралдары)
146.	8708 99 930 1	----- 8701 – 8705 тауар позицияларының моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыруға арналған, 8708 99 100 0 қосалқы позициясында аталған моторлы көлік құралдарынан басқа; 8701-87055 тауар позицияларының моторлы көлік құралдарының тораптары мен агрегаттарын өнеркәсіптік құрастыруға арналған)
147.	8708 99 930 9	----- өзгелері
148.	8708 99 970 1	----- 8701 – 8705 тауар позицияларының моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыруға арналған, 8708 99 100 0 қосалқы позициясында аталған моторлы көлік құралдарынан басқа; 8701-87055 тауар позицияларының моторлы көлік құралдарының тораптары мен агрегаттарын өнеркәсіптік құрастыруға арналған)
149.	8708 99 970 9	----- өзгелері

150.	8716 39 100 0	— — — жоғары радиоактивті материалдарды тасымалдау үшін әдейілеп арналған
151.	8716 39 300 1	— — — — — автомобильдік, жалпы массасы 15 тоннадан артық және габариттік ұзындығы кем дегенде 13,6 м
152.	8716 39 300 2	— — — — — шанағының ішкі көлемі кем дегенде 76 м ³ автомобиль рефрижераторлы
153.	8716 39 300 9	— — — — — өзгелері
154.	8716 39 500 1	— — — — — бір осьті
155.	8716 39 500 2	— — — — — жалпы массасы 15 тоннадан асатын автомобиль тіркемелері
156.	8716 39 500 9	— — — — — өзгелері
157.	8716 39 800 3	— — — — — жалпы массасы 15 тоннадан асатын және габариттік ұзындығы кем дегенде 13,6 м автомобиль жартылай тіркемелері
158.	8716 39 800 4	— — — — — шанағының ішкі көлемі кем дегенде 76 м ³ рефрижераторлы автомобиль жартылай тіркемелері
159.	8716 39 800 5	— — — — — өзгелері
160.	8716 39 800 6	— — — — — жалпы массасы 15 тоннадан асатын және габариттік ұзындығы кем дегенде 13,6 м автомобиль жартылай тіркемелері
161.	8716 39 800 7	— — — — — шанағының ішкі көлемі кем дегенде 76 м ³ рефрижераторлы автомобиль жартылай тіркемелері
162.	8716 39 800 8	— — — — — өзгелері
163.	8716 90 100 0	— — шасси
164.	8716 90 300 0	— — шанақ
165.	8716 90 500 0	— — ось
166.	8716 90 900 0	— — өзге бөліктер
167.	8904 00 100 0	— буксирлер
168.	8904 00 910 0	— — теңіз
169.	8904 00 990 0	— — өзгелері
170.	9027 50 000 0	— оптикалық сәулеленудің әсеріне негізделген құрылғылар мен жабдықтар (ультрафиолет, спектрдің көрінетін бөлігі, инфрақызыл), басқалары

Ескертпе. *Осы қосымшаның мақсаттары үшін ЕАЭО СЭҚ ТН кодтарын басшылыққа алу қажет. Тауарлардың атаулары тек пайдалану ыңғайлылығы үшін келтірілген.

Тауарлардың жекелеген
түрлерін Қазақстан Республикасының
аумағынан Тәуелсіз Мемлекеттер
Достастығына қатысушы
мемлекеттердің аумағына әкетуге
рұқсаттар беру қағидаларына 2-
қосымша

Телекоммуникациялық, компьютерлік жабдықтың, оның бөлшектері мен материалдарының жекелеген түрлері

Р/с №	ЕАЭО СЭҚ ТН коды*	Тауардың атауы
1.	8471 50 000 0	— 8471 41 немесе 8471 49 қосалқы позицияларында сипатталғандардан өзгеше, бір корпуста мынадай құрылғылардың есте сақтау құрылғысының, енгізу құрылғысының, шығару құрылғысының біреуі немесе екеуі болатын деректер өңдеу блоктары
2	8471 80 000 0	Есептеу машиналарының құрылғылары (өңдеу блоктарынан, енгізу немесе шығару блоктарынан және сақтау блоктарынан басқа)
3.	8486 10 000 1	— — лазерліктен басқа, жарық немесе фотонды сәулелену процестерін пайдалана отырып жұмыс істейтіндер
4.	8486 10 000 9	— — өзгелері
5.	8486 20 100 0	— — ультрадыбыс процестерін пайдалана отырып жұмыс істейтін станоктар
6.	8486 20 900 1	Жартылай өткізгіш аспаптарды өндіруде пайдаланылатын, лазерден басқа, жарық немесе фотонды сәулелену процестерін пайдалана отырып жұмыс істейтін жартылай өткізгіш аспаптарды немесе электрондық интегралдық схемаларды өндіруге арналған машиналар мен аппаратуралар
7.	8486 20 900 2	Жартылай өткізгіш материалдардағы үлгіні құрғақ оюға арналған жартылай өткізгіш аспаптарды немесе электрондық

		интегралдық схемаларды өндіруге арналған машиналар мен аппаратура
8.	8486 20 900 3	Фоторезисті алып тастауға немесе жартылай өткізгіш пластиналарды тазартуға арналған жартылай өткізгіш аспаптарды немесе электрондық интегралдық схемаларды өндіруге арналған машиналар мен аппаратура
9.	8486 20 900 4	Жартылай өткізгіш аспаптарды немесе электрондық интегралдық схемаларды өндіруге арналған машиналар мен аппаратура жартылай өткізгіш аспаптарды өндіруде пайдаланылатын иілгіш, жиекті иілгіш, дұрыс (престерді қоса алғанда) машиналар
10.	8486 20 900 5	Жартылай өткізгіш аспаптарды немесе электрондық интегралдық схемаларды өндіруге арналған машиналар мен аппаратура сенсублизацияланған жартылай өткізгіш материалдарға Маска суретін проекциялауға немесе салуға арналған аппаратура
11.	8486 20 900 9	— — — өзгелері
12.	8486 40 000 1	— — жартылайөткізгіш құрылғыларда суреттердің маскілері мен фотошаблондарын жасауға немесе қайта қалпына келтіруге фокустелген иондық сәулені пайдаланатын фрезерлік станоктар
13.	8486 40 000 2	— — сурет шығаратын, фоторезистпен қапталған астарлардан маскілер мен фотошаблондар жасауда пайдаланылатын фотокамералар
14.	8486 40 000 3	— — сурет шығаратын, фоторезистпен қапталған астарлардан маскілер мен фотошаблондар жасауда пайдаланылатын белгі салғыш аспаптар
15.	8486 40 000 9	— — өзгелері
		Дауысты, кескіндерді немесе басқа деректерді, соның ішінде коммутациялық құрылғылар мен маршрутизаторларды қабылдауға, түрлендіруге және беруге немесе

16.	8517 62 000 2	қалпына келтіруге арналған машиналар, тек 1270 – 1610 НМ тасымалдаушы толқын ұзындығы диапазонында жұмыс істейтін талшықты-оптикалық байланыс жүйелеріне арналған аппаратура
17.	8517 62 000 3	— — — — өзгелері
18.	8517 62 000 9	— — — өзгелері
19.	8517 69 100 0	— — — бейнетелефондар
20.	8517 69 200 0	— — — домофондар
21.	8517 69 310 0	— — — — шақыру сигналдарын немесе пейджингтік хабарларды қабылдауға арналған портативті қабылдағыштар
22.	8517 69 390 0	— — — — өзгелері
23.	8517 69 900 0	— — — өзгелері
24.	8525 89 110 0	— — — — үш немесе одан көп таратқыш тұтқалары бар
25.	8525 89 190 0	— — — — өзгелері
26.	8525 89 300 0	— — — цифрлық камералар
27.	8525 89 910 1	— — — — таспаның ені 1,3 см-ден аспайтын бейнетюнермен біріктірілген немесе біріктірілмеген, сол корпуста телевизиялық тарату камерасы бар , таспаның қозғалыс жылдамдығы 50 мм/с-тан аспайтын жазуды немесе жаңғыртуды жүзеге асыруға қабілетті, магниттік таспада бейне жазатын немесе бейнені жаңғыртатын аппаратура
28.	8525 89 910 9	— — — — өзгелері
29.	8525 89 990 0	— — — — өзгелері
30.	8526 91 200 0	— — — радионавигациялық қабылдағыштар
31.	8526 91 800 0	— — — өзгелері
32.	8529 90 101 4	— — — — 8524 11 001 4, 8524 12 001 4, 8524 19 001 4, 8524 91 001 4 , 8524 92 001 4, 8524 99 001 4 кіші қосалқы позициясының модульдеріне арналған
33.	8529 90 101 6	— — — — 8524 11 001 6, 8524 12 001 6, 8524 19 001 6, 8524 91 001 6 , 8524 92 001 6, 8524 99 001 6 кіші қосалқы позициясының модульдеріне арналған
34.	8529 90 101 7	— — — — 8524 11 001 7, 8524 12 001 7, 8524 19 001 7, 8524 91 001 7 , 8524 92 001 7, 8524 99 001 7 кіші

		қосалқы позициясының модульдеріне арналған
35.	8529 90 101 9	— — — — 8524 11 001 9, 8524 12 001 9, 8524 19 001 9, 8524 91 001 9 , 8524 92 001 9, 8524 99 001 9 кіші қосалқы позициясының модульдеріне арналған
36.	8529 90 102 3	— — — — 8524 11 002 3, 8524 12 002 3, 8524 19 002 3, 8524 91 002 3 , 8524 92 002 3, 8524 99 002 3 кіші қосалқы позициясының модульдеріне арналған
37.	8529 90 102 7	— — — — 8524 11 002 7, 8524 12 002 7, 8524 19 002 7, 8524 91 002 7 , 8524 92 002 7, 8524 99 002 7 кіші қосалқы позициясының модульдеріне арналған
38.	8529 90 102 9	— — — — 8524 11 002 9, 8524 12 002 9, 8524 19 002 9, 8524 91 002 9 , 8524 92 002 9, 8524 99 002 9 кіші қосалқы позициясының модульдеріне арналған
39.	8529 90 103 5	— — — — 8524 11 003 5, 8524 12 003 5, 8524 19 003 5, 8524 91 003 5 , 8524 92 003 5, 8524 99 003 5 кіші қосалқы позициясының модульдеріне арналған
40.	8529 90 103 9	— — — — 8524 11 003 9, 8524 12 003 9, 8524 19 003 9, 8524 91 003 9 , 8524 92 003 9, 8524 99 003 9 кіші қосалқы позициясының модульдеріне арналған
41.	8529 90 104 6	— — — — 8524 11 004 6, 8524 12 004 6, 8524 19 004 6, 8524 91 004 6 , 8524 92 004 6, 8524 99 004 6 кіші қосалқы позициясының модульдеріне арналған
42.	8529 90 104 9	— — — — 8524 11 004 9, 8524 12 004 9, 8524 19 004 9, 8524 91 004 9 , 8524 92 004 9, 8524 99 004 9 кіші қосалқы позициясының модульдеріне арналған
43.	8529 90 105 6	— — — — 8524 11 005 6, 8524 12 005 6, 8524 19 005 6, 8524 91 005 6 , 8524 92 005 6, 8524 99 005 6 кіші қосалқы позициясының модульдеріне арналған
44.	8529 90 105 9	— — — — 8524 11 005 9, 8524 12 005 9, 8524 19 005 9, 8524 91 005 9

		, 8524 92 005 9, 8524 99 005 9 кіші қосалқы позициясының модульдеріне арналған
45.	8529 90 106 9	— — — — 8524 11 006 9, 8524 12 006 9, 8524 19 006 9, 8524 91 006 9 , 8524 92 006 9, 8524 99 006 9 кіші қосалқы позициясының модульдеріне арналған
46.	8529 90 107 2	— — — — 8524 11 007 2, 8524 12 007 2, 8524 19 007 2, 8524 91 007 2 , 8524 92 007 2, 8524 99 007 2 кіші қосалқы позициясының модульдеріне арналған
47.	8529 90 107 4	— — — — 8524 11 007 4, 8524 12 007 4, 8524 19 007 4, 8524 91 007 4 , 8524 92 007 4, 8524 99 007 4 кіші қосалқы позициясының модульдеріне арналған
48.	8529 90 107 6	— — — — 8524 11 007 6, 8524 12 007 6, 8524 19 007 6, 8524 91 007 6 , 8524 92 007 6, 8524 99 007 6 кіші қосалқы позициясының модульдеріне арналған
49.	8529 90 109 0	— — — — 8524 11 009 0, 8524 12 009 0, 8524 19 009 0, 8524 91 009 0 , 8524 92 009 0, 8524 99 009 0 кіші қосалқы позициясының модульдеріне арналған
50.	8529 90 200 2	— — — — 8525 60 000 1, 8525 60 000 9, 8525 81 300 0, 8525 82 300 0 , 8525 83 300 0 және 8525 89 300 0 позициялары аппаратурасының бөліктері
51.	8529 90 200 8	— — — — өзгелері
52.	8529 90 650 8	— — — — — өзгелері
53.	8529 90 960 0	— — — — — өзгелері
54.	8532 24 000 0	Өзге де тұрақты сыйымдылықтағы конденсаторлар: көп қабатты керамикалық
55.	8534 00 110 0	Баспа схемалары: көп қабатты баспа схемалары
56.	8534 00 190 0	— — өзгелері
57.	8534 00 900 0	Баспа схемалары: басқа пассивті элементтермен
58.	8536 69 100 0	— — — коаксиалды кабельдер үшін
59.	8536 69 300 0	— — — баспа схемалары үшін
		Фотодиодтардан немесе жарықдиодтардан (LED) басқа

60.	8541 10 000 1	диодтар жартылай өткізгіш пластиналар, әлі кристалдарға кесілмеген
61.	8541 10 000 9	— — өзгелері
62.	8541 21 000 0	— — шашырату қуаты 1 Вт-тан кем
63.	8541 29 000 0	— — өзгелері
64.	8541 30 000 1	Тиристорлар, динисторлар және тринисторлар, фотосезімтал құрылғылардан басқа: 8701 – 8705 тауар позицияларындағы моторлы көлік құралдарын, олардың тораптары мен агрегаттарын өнеркәсіптік құрастыруға арналған
65.	8541 30 000 9	Тиристорлар, динисторлар және тринисторлар, фотосезімтал құрылғылардан басқа: өзгелері
66.	8541 49 000 0	— — өзгелері
67.	8541 51 000 0	— — жартылай өткізгіштер негізіндегі түрлендіргіштер
68.	8541 59 000 0	— — өзгелері
